

**Сәтбаев қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 27 мамырдағы № 17/03 "Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ұлытау облысы Сәтбаев қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 65/01 қаулысы

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 27 мамырдағы № 17/03 "Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын бекіту туралы" қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

"Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Жарғысының 6-тармағына мемлекеттік тілде "Ұлытау облысы" деген сөздер енгізілсін, орыс тілінде "Карагандинская область" деген сөздер "область Ұлытау" деген сөздермен ауыстырылсын.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Сәтбаев қаласының әкімдігінің 27.05.2016 № 17/03 қаулысы түскен жоқ.**

2. "Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (С.Т.Карабекова) Жарғыдағы өзгерістерді уәкілетті тіркеуші органға хабарлау және заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы С.Т.Карабековаға жүктелсін.

*Сәтбаев қаласының әкімі*

*А.А. Ыдырысов*